

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - 251-255

## СЕМЕЙ ЖӘНЕ ПАВЛОДАР ӨңІРІНДЕГІ ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ

*Кабденов А.С. биология мұғалімі,  
Қараағаш ЖОББМ, Ертіс ауданы  
Ахметов Д.Қ. 10 сынып оқушысы,  
Қараағаш ЖОББМ, Ертіс ауданы  
Каиржанов Д.Б. 10 сынып оқушысы,  
Қараағаш ЖОББМ, Ертіс ауданы*

Қазақстанда табиғи ландшафты алуан түрлі болғандықтан, мұнда әр түрлі жануарлар, құстар тіршілік етеді. Біздің еліміздің ең әдемі, сұлу деген жерлері Көкшетеу, Баянауыл және тағы таулы-қыртты жерлерде ең қызықты құстардың отрядтарының бір түрі - жыртқыш құстар отряды тіршілік етеді [1].

Ұлан-байтақ Қазақстан территориясында құстардың 480 – нен астам түрлері тіршілік етсе, оның 51 түрі жыртқыш құстар. Күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 39 түрі кездеседі, олардың 33-і ұя салады [2].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 15 түрі енгізілді. Бірқатар түрлері жойылып кету шебінде қалып отыр және адамның араласуынсыз олардың өсіп-өрбуі, қалпына келтіру мүмкін емес. Осыған орай біз: «Семей және Павлодар өңіріндегі жыртқыш құстардың түрлік құрамы» атты зерттеу жұмысын жүргіздік.

### ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:

Біріншіден, жыртқыш құстардың экология жағдайына, ауа - райына, табиғи мекендерінің өзгеруіне байланысты қоныс аударуы, яғни миграциялау. Екіншіден, жыртқыш құстардың көптеген түрлері – «Қызыл кітап» иелері. Үшіншіден жыртқыш құстарды шет елге, яғни Араб әмірліктеріне (ителгі) сатылады. Төртіншіден, еріксіз жағдайда ұсталатын жыртқыш құстарды өрбітіп, табиғи ортаға шығару. Бесіншіден, құсбеглік дәстүрін облысымызда жаңғырту.

Жыртқыш құстар — дене мөлшері сан алуан: 35 граммнан (титтей сұңқар) 12 килоға дейін (тазқара, құмай) жететін, 270-290 түрді біріктіретін құстар отряды [3].

Қазір қазақстандағы көптеген жыртқыш құстардың өсіп-өрбуінің қатты алаңдатарлық жай-күйін ескере отырып, оларды сақтау мен қалпына келтіру жөнінде кешенді шараларды жүзеге асыру қажет, оның табысты болуы олардың биологиясын терең зерделеуге байланысты.

Қазақстан халқының мүддесінде қыран құстарды ұтымды пайдалануды мүмкін ететін жан жақты ғылыми негіздемелер базасында жыртқыш құстардың өсіп-өрбуін сақтау, қалпына келтіру және орнықты жай-күйін қамтамасыз ету болып табылады.

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген халқымыз табиғатпен мейлінше етене болған. Солардың бір көрінісі – аңшылқ-саятшылық.

Халқымыздың атадан балаға жалғасып келе жатқан өлмес мұрасы – құсбегілік, оның төл өнері, ұлттық мақтанышы. Әрине, туған табиғатын төл перзентіндей аялап өткен қазақ үшін ит жүгіртіп, құс салудың қанында барлығының айқын дәлелін, жер бетіндегі хлықтардың ішіндегі жеке дара осы текті дүниесінің алтын арқауын жоғалтпай, күні бүгінге дейін алып келгенінен көруге болады.

#### ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

Семей және Павлодар өңірінің жыртықш құстарының түрлік құрамын анықтау және құсбегілік дәстүрінің теориясын игеру. Құсбегілік дәстүрді қазақ тарихындағы аңшылық кәсібінің бір үлкен саласы ретінде анықтап, бұл кәсіптің болашақ ұрпаққа берері көп екенін көрсету.

#### ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

1. Жыртықш құстардың түрлік құрамын анықтау.
2. Жыртықш құстардың кездесу жиілігін анықтау.
3. Жыртықш құстардың жеке түрлерінің көп мөлшерде кездесуін анықтау.
4. «Құсбегілік дәстүрінің» теориясын меңгерген адамдармен сұқбаттасу.
5. Мектепте жыртықш құстарды оқытудың методикалық анализін жүргізу.
6. Құсбегілік сонымен қатар жеріміздің асты-үсті көл-көсір байлығын қорғап, сақтап қалуға өте тиімді, әрі қолайлы өнер саласы деп қабылдауымыз қажет екенін білу. Жыртықш құстардың түрлік құрамын көбейтуде маңызды рөл атқарады.
7. «Құсбегілік дәстүрінің» теориясымен Қараағаш ЖОББМ-нің оқушыларынтаныстыру.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЫСАНЫ: Павлодар қаласы және қала өңірінің күндізгі жыртықш құстар класының түрлері. Қазақ халқының – атадан мұра қалған қазақ халқының дәстүрі, кәсіпті ұлттық тарихи тұрғыдан зерттеу.

#### ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ:

2007-2017 жылдарда Семей және Павлодар өңіріне жыртықш құстардың түрлік құрамына алғаш зерттеу жүргізілді.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ: Зерттеу нәтижелерін мектепте орнитология курсына оқытуда құстар әлемінің көптүрлілігі, жыртықш құстардың сыртқы құрылысы, экологиясы, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы тақырыптарында қолдануға болады.

2007-2015 жылдар аралығында Семей қаласы және қала өңіріне 17 танымжорық жүйесі жасалды. 15 -жыртықш құстың түрі анықталды (кесте 1).

Зерттелген жыртықш құстардың ішіндегі қызыл кітап иелері – бүркіт, дала қыраны, қарақұс, аққұйрықты субүркіт, ителгі.

Кесте 1

#### 2007-2015 жылдары кездескен жыртықш құстардың кездесу жиілігі

№	Жыртықш құстың түрі	2007-2009 ж.	2010-2011ж.	2012-2014ж.	Барлығы
1	Қарақұс	6	1	4	11
2	Кәдімгі күйкентай	2	7	-	9
3	Дала қыраны	1	5	2	8
4	Бүркіт	1	3	4	8
5	Қара кезқұйрық	7	9	9	25
6	Ителгі	6	1	-	7
7	Жағалтай	3	5	-	8

8	Қырғи	7	2	1	10
9	Кәдімгі тұрымтай	1	-	-	1
10	Аққұйрық субүркіт	1	2	-	3
11	Дала құладыны	3	9	3	15
12	Үлкен қаршыға	3	2	-	5
13	Бөктергі	-	1	-	1
14	Жамансары	-	-	1	1

2016 жылы Павлодар өңіріне 5 танымжорық жүйесі жасалып, жыртқыш құстарға зерттеу жүргізілді. 13 – жыртқыш құстың түрі анықталды. Олардың 6 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген (кесте 2).

Кесте 2

2016 жылға жасалған жоспар бойынша жүргізілген танымжорық қорытындысы

№	Мекен ортасы	Жыртқыш құстардың түрлік құрамы	Түр саны
1	Баянауыл	Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	2
		Қаракүс – Могильник - <i>Aquila heliacal</i>	1
		Дала құладыны - Степной лунь - <i>Circus macrouras</i>	2
		Кәдімгі күйкентай – Пустельга обыкновенная - <i>Falco tinnunculus</i>	2

2-кестенің жалғасы

2	Павлодар	Кәдімгі үкі – Обыкновенный филин	3
		Дала қыраны - Степной орёл - <i>Aquila nipalensis</i>	1
		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	5
		Бөктергі-Кобчик- <i>Falco vespertinus</i>	1
		Дала құладыны - Степной лунь - <i>Circus macrouras</i>	2
		Жағалтай – Чеглок - <i>Falco subbuteo</i>	1
		Кәдімгі күйкентай - Пустельга обыкновенная - <i>Falco tinnunculus</i>	2
		Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
3	Ертіс	Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	4
		Дала құладыны - Степной лунь - <i>Circus macrouras</i>	2
		Қырғи - Перепелятник - <i>Accipiter nisus</i>	2
		Дала қыраны - Степной орёл - <i>Aquila nipalensis</i>	1
4	Қараағаш	Қаракүс – Могильник - <i>Aquila heliacal</i>	1
		Кәдімгі күйкентай – Пустельга обыкновенная – <i>Falco tinnunculus</i>	2
		Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	4
		Ақ жапалақ – Белая сова	1
		Ақ құйрықты субүркіт-Орлан белохвост – <i>Haliaeetus albicilla</i>	1
		Дала құладыны - Степной лунь - <i>Circus macrouras</i>	2
		Кәдімгі үкі - Обыкновенный филин	2
5	Железинка	Кәдімгі тілеміш - Обыкновенный курганник – <i>Buteo rufinus</i>	2

		Қара кезқұйрық - Чёрный коршун - <i>Milvus migrans</i>	4
		Ақ құйрықты субүркіт - Орлан белохвост – <i>Haliaeetus albicilla</i>	1

2017 жылы Павлодар өңіріне 4 танымжорық жүйесі жасалып, жыртқыш құстарға зерттеу жүргізілді, 9 – жыртқыш құстың түрі анықталды (кесте 3).

Кесте 3

Реті	Мекен ортасы	Жыртқыш құстардың түрлік құрамы	Түр саны
1	Павлодар-Железинка	Лашын - Сапсан - <i>Falco peregrinus</i>	1
		Тұйғын – Скопа – <i>Pandion haliaetus</i>	2
		Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	2
2	Павлодар-Баянауыл	Ителгі – Балобан - <i>Falco cherrug</i>	2
		Дала қыраны - Степной орёл - <i>Aquila nipalensis</i>	1
		Ақ сұңқар – Кречет – <i>Falco rusticolus</i>	1
		Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	1
		Жағалтай - Чеглок - <i>Falco subbuteo</i>	2
3	Ертіс-Ағашорын	Бүркіт – Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	2
		Қаршыға - Тетервятник - <i>Accipiner gentilis</i>	1
		Жағалтай - Чеглок - <i>Falco subbuteo</i>	1
4	Қараағаш Ағашорын	Қаршыға - Тетервятник - <i>Accipiner gentilis</i>	1
		Дала қыраны - Степной орёл - <i>Aquila nipalensis</i>	2
		Қырғи - Перепелятник - <i>Accipiter nisus</i>	2

Зерттеу жұмысымыз аяқталмайды болашаққа жоспар құрылды.

Қыран құстарға зерттеу жүргізіп неге халқымыздың атадан келе жатқан дәстүрін жаңғыртпасақ.

Халқымыздың арғы-бергі тарихын зерттеушілер саятшылық кәсіптің үш мың жылдан аса тарихы бар деседі. Ал, ғалымдардың зерттеуінде айтылғандай, Тамғалы тастағы саятшының қыран құспен аңға шыққан сәтін бейнелеген өрнекті суреттің салынғанына екі мың жылдан әріде десе, бүгінгі жеткен шындыққа бергісіз жүздеген аңыздардың өзі неге тұрады?!

Ақиқатында, қазақ жұртының күнкөріс кәсібі болған аңшылық, хан-төрелердің, би-шешендердің, сал-серілердің көңілін аулап, сөйіл құрғызар, сән-салтанатын асырар ақсүйек өнері болғаны аян. Оған дәлел, Жошы ханның айналасында 3 мың қыран, Абылай ханда – 500 бүркіт, 300 қыршыға мен сұңқар ұстағаны, Жәнібек ханның Дешті Қыпшаққа аты шыққан қырандары мен «Сомбалақ» атты қаршығасының болғаны, Ақсақ Темір мен Алтын Орданың ханы Тоқтамыстың бүркіттің бір жұмыртқасына бола, жауласқандары жайында бізге жеткен көптеген деректерді айтуға болар [4].

Ал, Шоқан мен Шәкәрім, Абайдан асылдарымыз, Жаяу Мұса, Біржан сал, Мәди, Ақан мен Сегіз серілердің, Сәкн мен Мұхтардай аяулыларымыз айнымас серігі болған шоқтығы биік мұра әлі күнге бір ізге түсіп жинақталмай, зерделеніп, зерттелмей тұрғаны шындық.

Туған жерін, еркіндігін аңсаған Иманжүсіптей асқақ әншінің: «Бүркіт ұстап, басыңа бір шығар ем, Көзіме бір көрінші, Ерейментау!» — деп келетін толғаныс тұнған өлең жолдарында бүркіттің еркіндіктің символы, сері көңілдің серігі екенін анық аңғарамыз [5].

Болашақта көкірегі ояу, көзі қарақты ұлт жанашырлары табылып жатса, туған халқының етенеден егізі, жігерін жанитын асыл тасы, қайтпас рухының белгісі – Қыранның қанатын қайырмас деген үкілі үміт қана бар. Шет елге босқа жалтақтап, солардың айтқан заңына, ережесіне бас изеуден гөрі, ежелден табиғатпен үндес халықтың өз ұстанымдарын әуелі ұрпақ санасында қалыптастырып, құсбегілікті өзіміде өз деңгейінде көтеріп алсақ ата-бабамыздың асыл мұрасы жалғасын табар еді.

Қорытындылай келе: экологиялық жағдайға байланыстыкөптеген ағаштардың кесіліп, орындары толтырылмауы), жыртқыш құстарды аңшылыққа пайдаланылуы, оларды шет елдерге сату – жыртқыш құстардың түрлерінің күрт кемуіне себеп болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Гладков Н.А. и д.р «Определитель птиц СССР». - высшая школа, 1964;
2. Ковшарь А.Ф. «Мир птиц Казахстана». - Алма-Ата: Мектеп, 1988;
3. Т. М. Brooks, N. J. Collar, R. E. Green, S. J. Marsden, D. J. Pain «The science of bird conservation», - Journal: Bird Conservation International / Volume 18 / Issue S1 / September 2008
4. Симаков, Т.Н. Современная охота с ловчими птицами в СССР // Т.Н. Симаков, - КССКЧ. Л: 1990- С.29-30.
1. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. - Алматы: "Алматыкітап", 2007. - 208 бет, суретті. Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков.